

Қуат көздерін үнемдеу үшін

"Ұлттық инновациялық қор" мен "MVV decon GmbH" компаниясы қуат көздерін пайдаланудың тиімділігін арттыру бағытында ынтымақтастық орнатты

Кеше Алматыда қазақстандық "Ұлттық инновациялық қор" АҚ пен германиялық "MVV decon GmbH" компаниясы "Қазақстандық орнықты энергетика қоры" (Kazseff) жобасының аясында қуат көздерін тиімді пайдалану мен жаңартылатын қуат көздерін игеру жөнінде өзара түсіністік меморандумына қол қойды.

– Ұлттық инновациялық қор – даму институты болып табылатындықтан, біз елдің инновациялық ілгерілеуіне жауап береміз. Балама қуат көздері мен қуат көздерін үнемдейтін технологияларды дамыту – Қазақстан үшін аса маңызды. Сол себепті біз осы бағытта күшімізді біріктіріп отырмыз, – деді "Ұлттық инновациялық қор" АҚ басқарма төрағасының бірінші орынбасары Әуелбек Тоғжанов.

Бұл меморандум "Kazseff" қоры аясындағы энергетикалық тиімділік жаңартылатын қуат көздеріне қатысты жобаларды дамытуды көздейтін институттардың өзара ынтымақтастығын нығайтады. "Kazseff" жобасын Еуропалық қайта құру және даму банкі өзірлеген, ал бұл жобаны жүзеге асырумен "MVV decon GmbH" компаниясы айналысады. Әуелбек Тоғжановтың айтуынша, бұл жоба 2008 жылдың соңында іске қосылып, Қазақстанда орнықты энергетиканы дамыту жөніндегі шаралар кешенінің бір бөлігі болып табылады. Жобаға Еуропалық қайта құру және даму банкі, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, Қоршаған ортаны қорғау министрлігі және Табиғи монополияларды реттеу жөніндегі агенттік қол қойған.

"Kazseff" қорының 75 миллион доллар көлеміндегі несиелік линиясы бар. Бұл қаражат қазақстандық екінші деңгейлі банктер арқылы қуат көздерін үнемдеу, балама және жаңартылатын қуат көздерін игеретін отандық жекеменшік компанияларды қаржыландыруға жұмсалады.

– Бар-жоғы бір жыл бұрын іске қосылған "Kazseff" қоры қазір Қазақстанда қуат көздерін үнемдеу бойынша бірқатар жобаларды жүзеге асырды. Жалпы, Еуропалық қайта құру және даму банкі үшін мұндай жобалар таңсық емес. Қазақстан біздің тарапымыздан бөлінетін несиелік ресурстарға қол жеткізген жетінші мемлекет болып отыр. Осыдан екі апта бұрын банктің орнықты энергетика жөніндегі жобасына Ресей Федерациясы да қосылған, – деді меморандумға қол қою рәсімінде Еуропалық қайта құру және даму банкінің аға банкирі Томаш Бравенец.

Ал "Kazseff" қорының жетекшісі Райнер Бенкенің айтуынша, қор кез келген кәсіпорынның жылу және энергетикалық шығындарын есептеп, қуат көздерін үнемдеуге бағытталған техникалық шешімді тегін ұсынады.

– Біз қазірге дейін қуат көздерін үнемдеуге қатысты нақты бес жобаны жүзеге асырдық. Есеп-қисап жұмыстары мен жобаларды өзірлеу ісін біздің мамандарымыз тегін жүргізеді, – деді Райнер Бенке.

Қор алдағы уақытта елімізде жел электр стансаларын орнату, күн сәулесінен қуат өндіретін шағын электр стансаларын орнату, жануарлардан қалған қоқыс пен азық-түлік қалдықтарынан биологиялық газ шығару сияқты инновациялық жобаларды қарастыруды жоспарлап отыр. Елімізде электр қуатының тапшылығы сезіліп отырғанын ескерсек, бізде мұндай жобаларға деген сұраныс зор болмақ.

Марк СЕЛБИЕВ,
Алматы